

2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы

Шығарылған күні: 17 қаңтар 2023ж.
Келесі шығарылған күні: – 17 ақпан
2023ж.

1. Негізгі нүктелер
2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі нүктелер

Қазақстан Республикасында барлық меншік нысанындағы ұйымдардың жаңа негізгі қорларды сатып алуына 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 15064,4 млрд.теңге бағытталды, бұл негізгі капиталға салынған инвестициялардың 2021 жылға (салыстырмалы бағамен) 7,9% - ға өсуін қамтамасыз етті.


Есепті кезеңде республиканың 19 өңірінде негізгі капиталға салынған инвестициялардың ұлғаюы тіркелді. Ең үлкен өсім Қызылорда облысында 26,8%-ға байқалды. Бұл ретте негізгі капиталға салынған инвестициялардың азаюы (18,3% - ға) Ұлытау облысында байқалды.

Желтоқсан айында инвестициялық қызметтің айтарлықтай өсуі байқалды, өткен айда НКИ 168,1% - құрады.

2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы

2021 жылдың тамыз айынан бастап инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда индексте тұрақты оң өсімге ие болды.

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Өңірлік бөліністе республиканың 19 өңірінде негізгі капиталға салынағн инвестициялардың ұлғаюы байқалды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың физикалық көлемінің индекстері

	2022 жылғы желтоқсан		2022 жылғы қаңтар-желтоқсан 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2022 ж. қазанға	2021ж. желтоқсанға	
Қазақстан Республикасы	168,1	116,3	107,9
Абай	230,0	154,4	108,2
Ақмола	174,4	125,1	104,3
Ақтөбе	174,7	155,3	110,1
Алматы	197,5	131,3	114,1
Атырау	185,3	115,6	100,4
Батыс-Қазақстан	214,8	127,6	109,9
Жамбыл	249,5	90,6	101,2
Жетісу	144,4	121,5	116,3
Қарағанды	178,2	107,9	110,6
Қостанай	238,3	108,9	106,3

Қызылорда	98,8	106,6	126,8
Манғыстау	140,4	141,5	115,8
Павлодар	175,1	102,3	112,5
Солтүстік Қазақстан	202,5	103,1	103,6
Түркістан	246,8	116,3	108,6
Ұлытау	156,4	124,7	81,7
Шығыс Қазақстан	152,7	82,5	111,2
Астана қаласы	183,5	152,9	112,7
Алматы қаласы	107,0	87,6	112,1
Шымкент қаласы	67,6	85,1	113,8

Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің жартысына жуығын ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.


Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға инвестицияларды игерді	Соның ішінде			мың теңге
		Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	Ірі кәсіпорындар	
2020 жыл	12 270 144 010	6 007 370 054	885 202 580	5 377 571 376	
2021 жыл	13 242 233 420	7 127 645 084	1 128 594 126	4 985 994 210	
Январь-желтоқсан 2022 жыл	15 064 431 865	8 281 498 565	823 889 754	5 959 043 546	

Жалпы шығындардың шамамен 60% ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге, жалпы сомасының төрттен бірінен астамы машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға жұмсалады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы

2021 жылға пайызбен



- ◆ Ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың НКИ
- Машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға және күрделі жөндеуге кеткен шығындардың НКИ
- ▲ Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындардың НКИ

Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 11083,2 млрд.теңгені немесе жалпы көлемнің 73,6% - құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 15,5% - құрады, бұл ретте 2021 жылмен салыстырғанда 7,2% - ға ұлғайды.

Экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі бұрынғысынша аз – негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемінде 2,2%, шетелдік банктер кредиттерінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 0,2% - құрады.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Қаңтар-желтоқсан 2022ж.		Анықтама: қорытындыға пайызбен	
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	2021 жыл.	2020 жыл
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	15 064 431 865	100,0	100,0	100,0
қаражаттарды қоса алғанда:				
мемлекеттік бюджеттен	2 340 190 873	15,5	15,6	19,1
меншікті қаражат	11 083 232 970	73,6	70,7	68,7
банктердің кредиттері одан:	323 550 968	2,2	2,6	2,4
шетелдік банктердің кредиттері	23 795 439	0,2	0,5	0,4
басқада қарыз қаражаты одан:	1 317 457 054	8,7	11,0	9,8

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір үлесі өнеркәсіпке (48,2%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (20,3%), көлік пен қоймаға (10,5%) және ауыл, орман және балық шаруашылығына (5,7%) тиесілі.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	2021 жылға, пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	15 064 431 865	107,9	100,0
соның ішінде:			
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	853 520 808	106,7	5,7
промышленность	7 257 219 692	105,9	48,2
соның ішінде:			
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	4 481 317 860	114,6	29,7
Өңдеу өнеркәсібі	1 533 659 512	94,4	10,2
Электр энергиясымен, газбен, бұмен,		96,9	5,0
ыстық сумен және ауаны кондициялау мен жабдықтау	758 042 375		
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою,		98,3	3,2
ластануды жою бойынша қызмет	484 199 969		
Құрылыс	215 382 924	165,9	1,4
Көтерме және бөлшек саудада сату;		117,3	2,2
автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	334 550 068		
Көлік және жинақтау	1 584 783 260	105,4	10,5
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	131 095 556	71,6	0,9
Ақпарат және байланыс	178 938 485	118,4	1,2
Қаржы және сақтандыру қызметі	123 712 185	122,4	0,8
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	3 053 862 716	115,2	20,3
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	57 166 936	79,2	0,4
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	144 183 280	88,2	1,0
Мемлекеттік басқару және қорғаныс;		229,7	1,1
міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	160 995 818		
білім беру	369 371 175	127,6	2,5
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	272 971 567	142,8	1,8
Өнер, ойын-сауық		89,4	1,7
және демалыс	249 164 157		
Көрсетілген қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	77 513 249	124,0	0,5

Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар-инвесторлардың жаңа құрылыс, кеңейту, сондай-ақ объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын объектілерді реконструкциялау және жаңғырту жағдайында экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық әсер алуы мақсатында, сондай-ақ Машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға және т. б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, Көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-іздістіру жұмыстарына, авторлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығыстар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға

беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

Толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді

[Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)

5. Байланысты басылымдарға сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық форма «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» \(индекс 1-инвест, айлық\)](#)

[Ақпараттық-аналитикалық жүйесі «Талдау» \[www.taldau.stat.gov.kz\]\(http://www.taldau.stat.gov.kz\)/Инвестициялар және құрылыс статистикасы /](#)

[Ин-вестициялар](#)

[Сапа туралы есеп](#)

Жауапты шығарушы: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: Ә.Шауенова Тел. +7 7172 749056	Исполнитель: А. Қарашова Тел. +7 7172 749769 E-mail: ai.karashova@aspire.gov.kz	Адрес: 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министерлік үй, 4 подъезд
---	--	---	---